

**Кәсіптік бағдар беру бойынша
алғашқы «KASIPFEST» кәсіп таңдау-ағарту форумының
баспасөз хабарламасы**

2018 жылдың 24 қарашасында «AlmatyArena» Мұз сарайында Алматы қаласының 11-ші сынып оқушылары үшін кәсіптік бағдар беру бойынша алғашқы «KASIPFEST» кәсіп таңдау-ағарту Форумы өткізіледі.

Форумға мектеп бітіруші сыныптардың 7 500 астам оқушылары, сондай-ақ, директорлар, оқу меңгерушілері, сынып жетекшілері қатысады.

Ұйымдастырушылар: Алматы қаласының білім беру басқармасы және «EDTECH-KZ– Клуб ЮНЕСКО» (Эдтэк) Халықаралық білім беру орталығы.

Әлемде 70 млн. астам жастар өздерінің кәсіптік бейімділігін уақытылы анықтамағандықтан жұмыс таба алмауда. Жыл сайын кәсіптік бағдар беру жұмысының сапасыз болуына байланысты Қазақстанда мектеп түлектерінің 70% жуығы кәсіп таңдауда қиындыққа жолығады. Қызметкерлерді таңдау агенттіктерінің зерттеулері көрсеткендей, Қазақстанда жоғары оқу орындарының 50 % жуығы өздерінің мамандығы бойынша жұмыс істемейді. Елімізде жастарға кәсіптік бағдар беру жүйесінде тиімді кешенді тәсілді әзірлеу мен енгізудің жіті қажеттілігі пайда болды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазандағы халыққа Жолдауының орта мектепте кәсіптік диагностика мен оқушыларды сұраныстағы мамандықтарға бағдарлауды өткізу туралы II тарауының 3 тармағының шеңберінде «EDTECH-KZ – Клуб ЮНЕСКО» Халықаралық білім беру орталығы Алматы қаласының Білім беру басқармасымен бірге KASIP жобасын іске асырады.

Жобаның мақсаты: оқушыларға кәсіпті саналы түрде таңдау және өздерінің өмірлік икемділігін іздеу үшін білім, шабыт және ынта беру.

Жоба бірнеше кезеңде іске асырылады.

Қыркүйек айында 200 астам мектеп психологтары «ҚР мектептерінде кәсіптік бағдар беру жұмысын өткізудің жаңа технологиялары мен тиімді әдістері» оқыту семинарларынан өтті.

Қазан айында 7 500 астам 11-ші сынып оқушылары KASIPTEST жүйесі бойынша online кәсіптік диагностикасынан өтті, бұл жүйе әр оқушының жеке қабілеттерін, кәсіби қызығушылықтарын, бейімділіктері мен қандай да бір кәсіпті игерудегі шынайы мүмкіндіктерін анықтауға мүмкіндік берді. Кәсіптік диагностика қорытындылары бойынша оқушыларға ҰБТ тапсыру үшін оқудың бейінді бағыты мен бейінді пәндер ұсынылды.

24 қарашада «KASIPFEST» кәсіп таңдау Форумы жобасының үшінші кезеңі өтеді. Оған Алматы қаласының алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындары қатысады: Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, SatbayevUniversity, Қазақ-Ресей медицина университеті, Алматы энергетика және байланыс университеті, AlmatyManagementUniversity, «Нархоз» Университеті, «Тұран» Университеті. Оқушыларға сұраныстағы кәсіптер туралы ақпарат шоу түрінде көрсетіледі. Форумнан кейін қатысушылар жоғары оқу орындарының EXPO аймағын көре алады.

Жобаның соңында «KASIPUNIDAYS» жоғары оқу орындарын таңдау Фестивалі өткізіледі. Оқушылар Алматы қаласы жоғары оқу орындарының «ашық күн есігі» топтамасына қатысады.

Жобаға мобильді қондырғылар мен тұрмыстық электроника нарығындағы озық компаниялардың бірі Xiaomi Inc. компаниясы қолдау көрсетеді.

Құрметті БАҚ өкілдері!
Сіздерді «KASIPFEST» кәсіп таңдау Форумының баспасөз конференциясына қатысуға шақырамыз.

Баспасөз конференциясына қатысады: Алматы қаласы Әкімінің орынбасары Қырықбаев Арман Оразбайұлы, Алматы қаласы Білім беру басқармасының басшысы Ходжабергенова Гүлнара Махайқызы.

Өткізілу орны: «Алматы Арена» МС, Алғабас, 1-ші шағын аудан.

Күні мен уақыты: 24 қараша 2018 жыл, 13.00.

Аккредитация шарасынан өтуге байланыстар:

8 701 466 78 01, Email: university@edtech.kz

ПРЕСС-РЕЛИЗ

ПЕРВОГО ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОФООРИЕНТАЦИОННОГО ФОРУМА ВЫБОРА ПРОФЕССИИ «KASIP FEST»

24 ноября 2018 года в ЛД «Almaty Arena» состоится первый образовательный профориентационный Форум выбора профессии «KASIP FEST», для учащихся 11-х классов школ города Алматы.

В Форуме примут участие свыше 7 500 учащихся выпускных классов школ, а также директора, завучи и классные руководители.

Организаторы: Управление образования города Алматы и Международный центр образования «EDTECH-KZ – Клуб ЮНЕСКО» (Эдтэк).

В мире около 70 млн. молодых людей не могут найти работу из-за того, что своевременно не определили свои профессиональные наклонности. Ежегодно, из-за некачественной профориентационной работы, в Казахстане около 70% выпускников школ затрудняются в выборе профессии. Исследования рекрутинговых агентств показывают, что в Казахстане около 50% выпускников вузов не работают по своей специальности. В стране назрела острая необходимость разработки и внедрения эффективного комплексного подхода в системе профориентации молодежи.

В рамках гл. II п. 3 Послания Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева народу Казахстана от 5 октября 2018 года о проведении в средней школе профессиональной диагностики и ориентации учащихся на наиболее востребованные специальности, МЦО «EDTECH-KZ – Клуб ЮНЕСКО» совместно с Управлением образования города Алматы реализует проект – KASIP.

Цель проекта: дать учащимся знания, вдохновение и мотивацию для осознанного выбора профессии и поиска своего жизненного призвания.

Проект реализуется в несколько этапов.

В сентябре, свыше 200 школьных психологов прошли обучающие семинары «Новых технологии и эффективные методы проведения профориентационной работы в школах РК».

В октябре, 7 500 учащихся 11-х классов школ прошли online профдиагностику по системе KASIPTEST, которая позволила выявить у каждого школьника индивидуальные способности, профессиональные интересы, склонности и реальные возможности в освоении той или иной профессии. По итогам профдиагностики учащимся были рекомендованы профильное направление обучения и профильные предметы для сдачи ЕНТ.

24 ноября состоится третий этап проекта Форум выбора профессии «KASIP FEST». В нем примут участие ведущие профильные вузы Алматы: Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Satbayev University, Казахстанско-Российский медицинский университет, Алматинский университет энергетики и связи, Almaty Management University, Университет «Нархоз», Университет «Туран». Информацию о востребованных профессиях школьникам представят в формате шоу. После Форума участники смогут посетить EXPO зону вузов.

Финальной точкой проекта станет Фестиваль выбора вуза «KASIP UNIDAYS». Учащиеся посетят серию дней открытых дверей в вузах города Алматы.

Проект поддержала компания Xiaomi Inc. – один из лидеров рынка мобильных устройств и бытовой электроники.

Уважаемые представители СМИ!

Приглашаем Вас принять участие в пресс-конференции Форума выбора профессии «KASIP FEST».

В пресс конференции примут участие: Заместитель Акима города Алматы Кырыкбаев Арман Оразбаевич, Руководитель Управления образования города Алматы Ходжабергенова Гульнара Махаевна.

Место проведения: ЛД «Алматы Арена», Алгабас, 1-й микрорайон

Дата и время: 24 ноября 2018 года, 13.00.

Контакты для прохождения процедуры аккредитации:

8 701 466 78 01, Email: university@edtech.kz